

Жолаушылар мен жүктерді әуе көлігімен тасымалдауды және Қазақстан Республикасының әуежайларында әуе кемелеріне, жолаушыларға және жүктерге қызмет көрсетуге байланысты әуежайлық қызметтерді лицензиялау туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 23 шілдедегі N 1150. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 7 шілдедегі N 667 қаулысымен.

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2200 Заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қоса беріліп отырған Жолаушылар мен жүктерді әуе көлігімен тасымалдауды және Қазақстан Республикасының әуежайларында әуе кемелеріне, жолаушыларға және жүктерге қызмет көрсетуге байланысты әуежайлық қызметтерді лицензиялау туралы ереже бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

бірінші орынбасары

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
1 9 9 7 ж ы л ғ ы 2 3 ш і л д е д е г і
N 1 1 5 0 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Жолаушылар мен жүктерді әуе көлігімен тасымалдауды және Қазақстан Республикасының әуежайларында әуе кемелеріне, жолаушыларға және жүктерге қызмет көрсетуге байланысты әуежайлық қызметтерді лицензиялау туралы

ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына, "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігі мен авиациясының қызметін пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің

нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

2. Лицензиялауға жолаушылар мен жүктерді әуе көлігімен тасымалдау жөніндегі кәсіпкерлік қызмет (бұдан әрі - әуе тасымалдаулары), сондай-ақ меншік нысандары мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан заңды және жеке тұлғалар (бұдан әрі - лицензиаттар) жүзеге асыратын әуежайларда әуе кемелеріне, жолаушыларға және жүктерге қызмет көрсетуге байланысты әуежайлық қызмет (бұдан әрі - әуежайлық қызмет) жатады.

3. Әуе тасымалы мен әуежайлық қызметті лицензиялауды Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі (бұдан әрі - лицензиар) жүзеге асырады.

II. Қызметтің лицензияланатын түрлерінің құрамына кіретін жұмыстар мен қызмет көрсетулердің негізгі түрлерінің тізбесі

4. Әуе тасымалының құрамына лицензиялауға жататын жұмыстар мен қызмет көрсетулердің мынадай түрлері кіреді:

а) тұрақты емес негізде чартерлік рейстермен орындалатын жолаушылардың және/немесе жүктердің ішкі (Қазақстан Республикасының аумағымен шектелген) ә у е т а с ы м а л ы ;

б) тұрақты негізде орындалатын жолаушылар мен олардың багажының, почтаның және/немесе жүктердің ішкі (Қазақстан Республикасының аумағымен шектелген) ә у е т а с ы м а л ы ;

в) тұрақты емес негізде чартерлік рейстермен орындалатын жолаушылар мен олардың багажының, почтаның және/немесе жүктердің халықаралық әуе т а с ы м а л ы ;

г) тұрақты негізде орындалатын жолаушылар мен олардың багажының, почтаның және/немесе жүктердің халықаралық тасымалы.

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1998.04.01. N 279 қ а у л ы с ы м е н .

5. Әуежай қызметтерінің құрамына жұмыстар мен қызмет көрсетулердің лицензиялауға жататын мынадай түрлері кіреді:

а) аэродромды, күту, жинақталу және жолаушылар мен багажға қызмет көрсету залдары бар аэровокзалдарды, багаж және жүк терминалдарын және олардың құрылғыларын ұстау, пайдалану;

б) жүктерді тексеруді, жеткізуді және тиеуді (түсіруді), жолаушыларды әуе кемесіне жеткізуді және отырғызуды, сондай-ақ жолаушылар мен жүктерді қарсы алуды және аэровокзал үйіне және жүктерді қоймаға жеткізуді қамтамасыз е т у ;

в) әуежайда болған кезеңде әуе кемелеріне жедел сервистік қызмет көрсету;

г) әуе кемелерін жанар-жағармай материалдарымен және арнайы

с ұйықтармен қамтамасыз ету;

д) әуежайдың аумағында әуе кемелеріне арнаулы автомобиль және электр көлігі құралдарымен, траптармен, қызмет көрсету, әуе кемелері мен олардың жолаушылар салондарын тазалау және жабдықтау.

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1998.04.01. N 279 қаулысымен.

III. Әуе тасымалдары мен әуежайлық қызметтерді жүзеге асыру құқығына берілетін лицензиялардың түрлері

6. Лицензиялар :

а) қызметтің белгілі бір түрімен айналысуға - бас лицензия;
б) жұмыс пен қызмет көрсетулердің рұқсат етілген көлемінің шегінде белгілі бір шаруашылық операцияларын жасауға - бір жолғы лицензия түрінде беріледі.

7. Бас лицензиялар олардың қолданылу уақыты бойынша:

а) мерзімі шектелместен берілетін - тұрақты;
б) белгілі бір мерзімге берілетін - уақытша болу мүмкін.

8. Бас және бір жолғы лицензиялар қызметтің аумақтық аясы, ұшу аймағы бойынша шектеледі немесе республиканың барлық аумағы мен одан тысқары жерлерде қолданылады.

IV. Әуе тасымалы мен әуежайлық қызметтерді жүзеге асыру құқығына лицензия алушыларға қойылатын біліктілік талаптары

9. Әуе тасымалын жүзеге асыру құқығына лицензия:

а) әуе кемелерін пайдаланушы болуы және жұмыстар мен қызмет көрсетулердің мәлімделген түрлерін орындай алатынын растайтын арнаулы ережемен бірге Қазақстан Республикасы берген немесе таныған Пайдаланушы куәлігінің (сертификаты) болуы;

б) заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыруы;
в) мемлекеттік тіркеуден өткен және олардың ұшуға жарамдылығы туралы қолданылып жүрген куәлігі бар әуе кемесін пайдалануы;

г) пайдаланылатын әуе кемелеріне заңдарда белгіленген тәртіппен сертификатталған орталықтарда техникалық қызмет көрсету мен жөндеуді жүргізуі;

д) Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес сақтандырудың барлық міндетті түрлерін қамтамасыз етуі;

е) Қазақстан Республикасы санитарлық қадағалау органдарының белгіленген санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес әуе тасымалдарын орындауға дайындығы туралы қорытындысы болуы;

ж) жолаушыларды, багажды және жүктерді әуеде тасымалдауды белгіленген ережелер мен талаптарға сәйкес жүзеге асыруы тиіс тұлғаға беріледі;

з) жолаушыларды тұрақты тасымалдауды жүзеге асыру үшін кемінде екі жұмыс істейтін әуе кемесінің болуы;

и) тұрақты халықаралық тасымалдауды жүзеге асыру үшін, тұлға бұған қоса:

- Қазақстан Республикасының резиденті болуы;

- авиакомпанияның Халықаралық азаматтық авиация ұйымында (ИКАО) тіркелгендігі туралы куәлікті иеленуі;

- екі әріптік желілік коды мен үш цифрлы Қатаң Есептілік Бланкілерінің (ҚЕБ) коды бар тасымалдау құжаттамасын иеленуі тиіс.

ЕСКЕРТУ. 9-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚРҰ-нің 1998.04.01. N 279 қаулысымен.

10. Әуежайлық қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия:

а) әуежайдың (аэродромның) пайдаланушысы немесе олардың жұмыстың және қызмет көрсетулердің мәлімделген түрлерін орындай алатынын растайтын тиісті сертификаты (куәлігі немесе басқа да құжаттары) бар басқа тұлға болуы;

б) заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркелуін жүзеге асыруы;

в) тиісті куәлік алуы арқылы аэродромды мемлекеттік тіркеуді жүргізуі;

г) Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес сақтандырудың барлық түрлерін қамтамасыз етуі;

д) Қазақстан Республикасының санитарлық және экологиялық қадағалау органдарының белгіленген санитарлық-эпидемиологиялық және экологиялық талаптарға сәйкес әуежайлық қызметтерді жүзеге асыруға дайындығы туралы қ о р ы т ы н д ы с ы б о л у ы ;

е) аэродромның, әуежайдың жабдықтары мен әуе кемелеріне, жолаушыларға және жүктерге қызмет көрсетуге байланысты технологиялық процестерінің сертификаттардың (куәліктердің) нормалары мен талаптарына сәйкес келуін қ а м т а м а с ы з е т у і .

ЕСКЕРТУ. 10-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1998.04.01. N 279 қаулысымен.

V. Әуе тасымалы мен әуежайлық қызметті жүзеге асыру құқығына лицензиялар алу үшін қажетті құжаттар

11. Әуе тасымалын жүзеге асыру құқығына лицензияларды ресімдеу үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды:

а) белгіленген үлгідегі өтініш;

б) әуе кемелерін пайдаланушы куәлігінің көшірмесін;

в) заңды тұлғаларды жедел ақпарат жөніндегі кодтардың кәртішкелері мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесін;

г) сақтандырудың міндетті түрлерінің болуын растайтын сақтандыру

полистерінің (шарттарының) көшірмесін;

д) белгіленген санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес әуе тасымалдарын орындауға дайындығы туралы Қазақстан Республикасының мемлекеттік санитарлық қадағалау органдары қорытындысының көшірмесін;

е) лицензиялық алымды төлегендігін растайтын құжаттардың көшірмесін
ұ с ы н а д ы .

ж) мәлімдеуші олардың сертификаттары мен ұшуға жарамдылығы куәлігінің көшірмелерін қоса беру арқылы, әуе тасымалының мәлімделген түрі мен көлемін орындау үшін мәлімдеуші пайдаланбақ әуе кемелері паркіндегі меншік құқығы немесе басқа да заңды негіздемелер (үлгілері, саны, борттық тіркеу нөмірлері, ресурстары), орналасқан жері және т.с.с. туралы құжаттар;

з) тасымалдау құжаттамаларының көшірмелері.

ЕСКЕРТУ. 11-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚРҰ-нің 1998.04.01. N 279
қ а у л ы с ы м е н .

12. Әуежайлық қызметтерді жүзеге асыру құқығына лицензияларды ресімдеу үшін өтініш беруші мынадай құжаттарды:

а) осы Ереженің 11-тармағындағы "а", "в", "г", "е" тармақшаларында көрсетілген құжаттарды;

б) жұмыстар мен қызмет көрсетулердің мәлімделген түрлерін орындай алатынын растайтын сертификаттардың (куәліктердің) және басқа да құжаттардың көшірмелері;

в) аэродромды мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесін;

г) Қазақстан Республикасы санитарлық және экологиялық қадағалау органдарының белгіленген санитарлық-эпидемиологиялық және экологиялық талаптарға сәйкес әуежайлық қызметтерді жүзеге асыруға дайындығы туралы қорытындысының көшірмесін ұсынады.

д) құрылтай құжаттары мен мәлімдеушінің жұмыстардың мәлімделген түрлеріне пайдаланбақ мүлікке құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері.

ЕСКЕРТУ. 12-тармақ өзгертілді және толықтырылды - ҚРҰ-нің 1998.04.01. N 279 қаулысымен.

VI. Лицензия беру туралы өтініштерді қараудың мерзімдері

13. Лицензия, егер заң актілерінде өзгеше мерзім белгіленбесе, барлық қажетті құжаттармен бірге өтініш берілген күннен бастап бір айлық мерзімнен кешіктірілмей беріледі.

VII. Лицензия беруге арналған алым және патент үшін ақы төлеу

14. Лицензиялық алым пен патент үшін ақы төлеудің мөлшері, оларды төлеудің тәртібі, сондай-ақ лицензиардың пайдасына аударымдардың мөлшері Қазақстан Республикасының салық заңдарымен айқындалады.

VIII. Лицензия беруден бас тарту

1 5 . Е г е р :

а) заң актілерінде субъектілердің осы санаттары үшін қызметтің мәлімделген түрін жүзеге асыруға тыйым салынса;

б) осы Ереженің 11 және 12 тармақтарында көрсетілген барлық құжаттар (қызметтің мәлімделген түріне қарай) ұсынылмаса. Өтініш беруші көрсетілген кедергілерді жойған кезде өтініш жалпы негіздерде қаралады:

в) лицензия беруге арналған алым немесе патент үшін ақы енгізілмесе;

г) өтініш беруші осы Ереженің 9 немесе 10-тармақтарына сәйкес белгіленген (қызметтің мәлімделген түріне қарай) біліктілік талаптарына жауап бермесе;

д) өтініш берушіге қатысты соттың қызметтің мәлімделген түрімен айналысуына тыйым салатын шешімі болса лицензия берілмейді.

16. Лицензия (патент) беруден бас тартылған жағдайда өтініш берушіге бір ай мерзім ішінде жазбаша түрде дәлелді жауап беріледі.

17. Егер лицензия (патент) осы Ережеде белгіленген мерзімде берілмеген болса немесе бас тарту өтініш берушіге негізсіз берілсе, ол бір ай мерзім ішінде бұл әрекеттерге сот тәртібімен шағымдануға құқылы.

IX. Лицензияның (патенттің) қолданылуының тоқтатылуы

18. Лицензия (патент) мынадай жағдайларда:

а) лицензия (патент) берілген мерзім аяқталған;

б) егер жүзеге асыруға лицензия (патент) берілген іс-әрекет толық көлемінде ж а с а л ғ а н ;

в) лицензиялар кері қайтарылып алынған;

г) лицензия (патент) берілген азаматтық немесе заңды тұлға қызметін тоқтатқан жағдайларда өзінің қолданылуын тоқтатады.

19. Заңды тұлғаны қайта тіркеген кезде лицензия мерзімнің аяғына дейін сақталады.

20. Лицензияның қолданылуының тоқтатылуына байланысты даулар сотпен шешіледі.

X. Лицензияларды кері қайтарып алу және оның қолданылуын тоқтата тұру

2 1 . Л и ц е н з и я н ы :

а) лицензиат лицензиядағы талаптарды орындамаған;

б) лицензиатқа сот қызметтің оны жүзеге асыруға лицензиясы бар

түрімен айналысуына тыйым салған;

в) лицензиар лицензияның қолданылуын тоқтатқан себептер жойылмаған жағдайларда лицензиар кері қайтарып алуы мүмкін.

22. Патент осы Ереженің 21-тармағында көзделген негіздер бойынша сот тәртібімен кері қайтарылып алынуы мүмкін.

23. Лицензиар лицензияның (патенттің) қолданылуын тоқтата тұрудың себептерін көрсете отырып оны алты айға дейін мерзімге тоқтата тұруға құқылы.

24. Лицензиат лицензияның (патенттің) қолданылу мерзімін тоқтата тұру туралы шешімге сот тәртібімен шағымдануға құқылы.

25. Лицензияның (патенттің) қолданылуы тоқтатыла тұрған себептер жойылғаннан кейін лицензия (патент) қайтадан жаңартылады.

XI. Лицензиаттардың құқықтары мен міндеттері

26. Лицензиаттың:

а) белгіленген тәртіппен кәсіпкерлік қызметтің лицензиялауға жататын алуан түрлеріне бірнеше лицензиялар алуға:

б) лицензияның қолданылуын тоқтату тұру, тоқтату немесе кері қайтарып алу мәселелері бойынша барлық материалдармен танысуға, сондай-ақ лицензиар ол материалдарды қараған кезде қатысуға құқығы бар.

27. Лицензиат:

а) лицензияның (патенттің) барлық шарттары мен талаптарының сақталуын;

б) Қазақстан Республикасы заңдарының, белгіленген стандарттардың, нормалардың, ережелердің және азаматтық авиацияның қызметін регламенттейтін басқа да нормативтік құжаттардың талаптарының сақталуын;

в) Лицензиардың сұратуы бойынша статистикалық, анықтамалық деректер мен қызметтің лицензияланатын түрлерінің орындалуын қамтамасыз етуге байланысты басқа да мәліметтерді ұсынуды;

г) лицензия беруге арналған алымдар мен патент үшін ақының белгіленген мөлшерлерін уақытында төлеуді;

д) лицензиар мен ол уәкілеттік берген тұлғаларға лицензияланған қызметке бақылау жасауды жүзеге асыруы үшін рұқсат етуге;

е) клиенттерге, оның ішінде олардың сұратуы бойынша, әуе кемелерінің ұшу кестелері, авиациялық тасымалдаулардың және басқа да көрсетілген қызметтердің құны туралы хабарлауды қамтамасыз етуге міндетті.

XII. Есеп және бақылау

28. Лицензиялар бланктерінің есепті сериялары мен нөмірлері болады және олар қатаң есептіліктегі құжаттар болып табылады.

Лицензиялар мемлекеттік және Халықаралық азаматтық авиация ұйымы (ИКАО) таныған халықаралық, орыс және ағылшын тілдерінде, бекітілген нысан бойынша ресімделеді.

ЕСКЕРТУ. 28-тармақ 2 абзацпен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1998.04.01. N 279
қаулысымен.

29. Бюджетке лицензиялық алымдардың толық және уақытында төленуіне бақылауды салық қызметі органдары жүзеге асырады.

30. Лицензиаттың лицензиялық нормалар мен ережелерді сақтауына бақылау жасауды лицензиар жүзеге асырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК